

**Абай Құнанбаевтың 175 жылдығына арналған
«Абай – дана, Абай – дара» атты дөңгелек үстел.
«Геодезия және картография Жоғары колледжі» КМҚК
КІТАПХАНА**

МАҚСАТЫ:

1. Саналы ұрпақты Ұлы ақынның балалық және жастық шағы, өскен ортасымен таныстыру. Ақындығы мен композиторлығын таныту.
2. Абай шығармашылығын сүйіп оқуға, өмірін, қасиеттерін үлгі ете отырып, білім-ғылымға құмарлығын арттыру.
3. Абай тағылымы негізінде саналы жастарды ұлтжандылыққа, табандылыққа, еңбекқорлыққа, өз беттерімен іздендіру жұмыстарына баулу. Абай шығармашылығын танып өсуге тәрбиелеу.

КӨРНЕКІЛІГІ: слайд, презентация, ақын суреті, кітаптар көрмесі.

ӨТКІЗУ ТҮРІ: дөңгелек үстел, пікірталас, ой тастау, ойланту.

ӨТКІЗІЛЕТІН ОРНЫ: коворкинг орталығында

ӨТУ БАРЫСЫ:

Әр топтан 4 студенттен қатысады.

Iтоп: Абайдың өмірбаяны, балалық шағы, отбасы.

IIтоп: Абайдың әндері.

IIIтоп: Абай қара сөздері.

IVтоп: Абай өлеңдері.

Кітапханашы: Армысыздар, білім нәріне құмар студенттер! Қазақ халқының ұлы ақыны, әдеби тілінің негізін салушы, аудармашы, сазгер, дана, дара тұлға А.Құнанбаевтың 175 жылдық мерекесіне арналған «**Абай – дана, Абай – дара**» атты дөңгелек үстелге қош келдіңіздер!

«Қазақ елі барда Абай есімі асқақтай береді. Оның асыл сөздерін рухани байлығымыз ретінде жоғары ұстасaq, туған еліміздің әлем алдындағы абыройы арта берері сөзсіз» деген Президентіміз Қ. Тоқаев. Жақсының аты өлмейді. Абайдай дара да дана ұлы бар қазақ халқы бақытты. Абай мұрасы - қазақтың ең қасиетті, теңдесі жоқ, алтын қазынасы. Заман ауысып, уақыт өткен сайын халқымыз ғұлама Абайдың рухани дүниесіне терең бойлап, оның ұлылығының тың қырларын ашып, жаңа сырларына қаныға түседі. Абай өзінің туған халқымен мәңгі-бақи бірге жасайды, ғасырлар бойы қалың елін қазағын жаңа биіктерге, асқар асуларға шақыра береді. Ұлы Абайдың шығармашылығы бүгінгі заман талабына сай қайта түлеп, жыл өткен сайын жаңғырып ұрпақ тәрбиесінде өзіндік үлес қосып келеді. Ұлы ағартушы, ақын, сазгер Абай өмірінің соңына дейін қазақ халқының жарқын болашағы үшін күресті. Ендеше, ұлы ақын Абай Құнанбаевтың туып - өскен жері, білім алған жерлері туралы не айта аласыздар?

206 топ: Абай Құнанбаев 1845 жылы бұрынғы Семей, қазіргі Шығыс Қазақстан облысы, Абай ауданында дүниеге келген. Абайдың әкесі Құнанбай Қарқаралы уезіне аға сұлтан болған. Абайдың шын аты Ибраһим. Әжесі еркелетіп «Абай» деп атап кеткен. Абай әуелі ауылда Ғабитхан деген татар молдасынан мұсылманша хат таниды. Абайды әкесі 10 жасында Семей қаласындағы Ахмет Ризаның медресесіне оқуға береді. Медреседе араб, парсы тілдерін жақсы меңгереді. Ол бос уақытында

Шығыстың ұлы ақындары Низами, Сағди, Қожа Хафиз, Навои, Физули, Фирдоуси шығармаларын өз бетімен оқып, ертегі, дастан, хисса сияқты әдеби мұралармен танысады.

Абай медреседе небәрі үш-ақ жыл оқиды, соңғы жылдары өз бетімен «приходская школаға» түсіп, орысша да оқиды. Бірақ мұндағы оқу ұзаққа бармайды. Жасы 13-ке келіп, ерте есейіп, ақыл-ойы тола бастаған шақта өткір, зейінді Абайды әкесі Құнанбай ел билеу ісіне араластырып тәрбиелемек болып, оны оқудан елге алып кетеді. Болашақ ақын жас кезінен өлең, әңгімеге әуес болған. *(әңгімелеп беру)*

Кітапханашы: Ал, ақынның отбасы туралы не білесіздер?

206 топ: Абайдың ата-тегі, тәрбиеленіп шыққан ортасы Тобықтының шынжыр балақ, шұбар төс, ауқатты отбасы болған. Әкесі Құнанбай аға сұлтан, болыс болса, аталары Өскенбай, Ырғызбай атақты, әйгілі билер болған. Әжесі Зере мен анасы Ұлжанның аңыз - әңгімелерін барлық ынтасымен тыңдайтын. Орта жүздің Арғын тайпасының Тобықты руынан шыққан билер әулетінен. Әкесі Құнанбай Өскенбайұлы өз заманындағы атақ даңқы алысқа кеткен адамдардың бірі болған. Патша өкіметі ХІХ ғасырдың ортасындағы бір сайлауда оны Қарқаралы ауданының аға сұлтандығына бекіткен. Шешесі Ұлжан Орта жүздің Арғын тайпасынан Қаракесек руының шешендікпен, тапқырлық, әзіл әжуамен аты шыққан шаншарлардың қызы. «Абай» деп жас Ибраһимді анасы Ұлжан еркелетіп атаған. Содан бері бұл есіммен Абай тарихқа енді.

Осындай текті ортадан шыққан Құнанбай мен Ұлжаннан туған төрт ұлдың бірі Абай жастайынан ақ ерекше қабілетімен, ақылдылығымен көзге түседі. Әкесі оның зеректігін байқаған. Әкесінің төңірегінде ел жақсыларымен араласып, өз халқының рухани мәдениет жүйелерімен жете танысады. Өзі билер үлгісінде шешен сөйлеуге төселеді. Ұтымды сөзімен, әділ билігімен елге танылып, аты шығады. Көп ұзамай, жетпісінші жылдардың бас кезінде Қоңыр Көкше дейтін елге болыс болады. Билікке араласып, біраз тәжірибе жинақтағаннан кейін ол халық тұрмысындағы көлеңкелі жақтарға сәуле түсіруге күш салып бағады. Бірақ онысынан пәлендей көңіл тоятындай нәтиже шығара алмайды. Сондықтан халқына пайдалы деп тапқан істерін көркем сөзбен, әсіресе, өлеңмен насихаттамақ болады. *(әңгімелеп беру)*

Кітапханашы: Отбасы туралы, қосатындарыңыз бар ма?

206 топ: Құнанбай 4 әйел алған адам. Оның бәйбішесі Күңкеден – Күдайберді, інісі Құттымұхамбетке айттырылып, қалыңдық кезінде жесір қалған соң өзі алған екінші әйелі: Ұлжаннан – Тәңірберді (Тәкежан), Ибраһим (Абай), Ысқақ, Оспан, үшінші әйелі Айғыздан – Халиулла, Ысмағұл туады. Қартайған шағында үйленген ең кіші әйелі Нұрғанымнан ұрпақ жоқ. Абайдың “ Атадан алтау, анадан төртеу едім дейтіні осыдан. Абайдың басқа балалардан алғырлығын аңғарған Құнанбай оны елге шақырып алып, өз жанына ертіп, әкімшілдік-билік жұмыстарына араластырмақ болады. Сөйтіп 13 жастағы Абай ел ісіне араласады. Сөйтіп жүріп, 1875 жылы Қоңыркөкше елінде өткен сайлауда жеңіп шығып, 1878 жылға дейін болыс болады. Абай әке қасында болған жылдарда атқамінер би-болыстардың қулық-сұмдықтарын, қазақ даласына ыдырай бастаған феодрлық қатынастардың кереғар қайшылықтары кіріптар еткен әлеуметтік теңсіздіктің зардаптарын, аштық пен жалаңаштықты, патриархалдық, кертартпа салт-сана, әдет-ғұрып заңдарының залалдарын

айқын түсінді. Қазақ халқының дәстүрлі ел билеу жосындарын, әдет-ғұрып заңдарын жетік білетін Абай ел ішіндегі әр алуан әкімшілік-құқықтық реформаларға белсене араласады. Егде тартқан шағында әкімқара биліктен, атқамінерліктен іргесін аулақ салып, шығармашылықпен ғана шұғылданады.

(әңгімелеп беру)

Кітапханашы: Өз отбасы, өмірі туралы, қосатындарыңыз бар ма?

206 топ: Абай 3 әйел алған. Байбішесі Ділдадан: Ақылбай, Әбдірахман, Кұлбадан, Әкімбай, Мағауия, Райхан; екінші әйелі Әйгерімнен Тұрағұл, Мекайыл, Ізкаіл, Кенже деген 7 ұл, 3 қыз сүйген. Келіндей алған әйелі Еркежаннан ұрпақ көрген жоқ.

1891 жылдан бастап Абай басына ауыртпалық түсіп, бір-біріне ұласқан қайғы бұлты ашылмай қояды. Осы жылы ақынның сүйікті інісі Оспан жарық дүниеден өтеді. Одан кейін орысша әскери білімі бар, үлкен үміт күткен баласы Әбдірахманнан айырылады. Бұлардың қазасының ақын жанына қандай батқаны оның осы тақырыпқа арнаған топтама өлеңдерінен айқын көрінеді. Сөйтіп жүргенде соңғы тіренішіндей болған дарынды ақын баласы Мағауия да қайтыс болды. Осындай қабаттасқан қайғы қасіреттен күрт сынған Абай Мағауияның қазасынан кейін қырық күннен соң, өзі де дүние салады. Ақынның сүйегі Шыңғыстаудың ығындағы Жидебай мекенінде, інісі Оспанның жанына жерленеді. Бұл күнде ол арада қазақтың ұлы екі перзенті — Абай мен Шәкәрімге деген ұрпақтың өшпес махаббатының, ізгі құрметінің белгісіндей болып, сәулет өнерінің соңғы үлгісімен салынған қос мұнаралы кешенді алып мазар тұр. *(әңгімелеп беру)*

Кітапханашы: Абай атамыз негізі жан жақты адам болған. Енді Абай атамыздың әндерімен танысайық. Бірнеше әндерін қазіргі таңда да орындалып жүр. Олар: «Көзімнің қарасы», «Желсіз түнде жарық ай», «Айттым, сәлем Қаламқас», «Сегіз аяқ», «Өзгеге көңілім тоярсың». Осы әндеріне тоқтала кетсек.

204 топ: «Желсіз түнде жарық ай» әнін тыңдағанымызда табиғаттың ғажайып суреті көз алдыға келеді. Жаздың желсіз тұнық түніндегі бұлтсыз аспанды, ай астындағы айнадай мөлдір өзенді, өзен бетіндегі діріл қаққан ай суретін, ұйқы құшағындағы ауылдың сырт көрінісін көргендей боласың. *(әнді тыңдау)*

204 топ: «Айттым, сәлем, Қаламқас» әні де, сөзі де жылы дүниеге қатар келген, бұл әнді ұлы ақын өзінің тұңғыш сүйген қызы Сүйіндік қызы Тоғжанға арнаған. Аяулы сезімге толы, жүрек қылын шертер тағы бір әні «Көзімнің қарасы» *(орындап береді)*

204 топ: «Сегіз аяқ» әні жазылған. Абай бұл әнде өмірде көңілге түйгенін, көргені мен сезгенін, қиянаты мол өмірдегі тартыс таласты, өзінің алдына қойған ғұмырлы мақсатын баяндайды. *(әнді тыңдау)*

204 топ: «Өзгеге көңілім тоярсың» әні өлеңнің күшін, жол сезіміне әсерін білдіре келіп, жастарға ақыл, қайрат, жігер беріп, өзінің балалық шағынан бастап бүкіл өмірін ән күймен суреттеп, бейнелеген. Қазіргі таңда қазақ эстрада жұлдыздары Абай әндерін орындап жүр. *(әнді тыңдау)*

Кітапханашы: Абайға дейін қазақ әдебиетінде болмаған үлгі – ол Абайдың қара сөздері. Абайдың қара сөздері – көркем шығарма түрінде емес, ақынның өмір сабақтары туралы ойларын, содан туындайтын даналық, философиялық түйіндерді жинақтаған публицистикалық үлгіде жазылған ақыл-өнеге, өсиет,

ғибрат сөздер. Жалпы қара сөздер саны 46. Оның 46-сы аяқталмаған. Абайдың қара сөздері өз кезі үшін де, бүгін де бағасы зор.

205 топ: 8 қара сөзі (*мағынасын түсіндіру*)

205 топ: 11 қара сөзі (*мағынасын түсіндіру*)

205 топ: 14 қара сөзі (*мағынасын түсіндіру*)

205 топ: 37 қара сөзі (*мағынасын түсіндіру*)

Кітапханашы: Ұлы Абайдың мұрасы өте бай. Иә, Абай артына өшпес рухани мол мұра, өзіне өлмес мәңгілік ескерткіш қалдырып кетті. Оның бізге қалдырған мұрасы - поэзиясы. Оның өлеңдері туралы не білесіздер?

202 топ: Абай өлең жазуды 10 жасында (“Кім екен деп келіп ем түйе қуған...”)
бастаса, өз өлеңдеріне шығаруды шамамен 1880-1897 ж. аралығында көбірек қолға алған. Абай алғаш өлеңдерін досы Көкпай ақынның атымен жариялап жүрген, 1886 жылдан ғана бастап өз атынан шығара бастаған. Абайдың ғылымға, өлең жазуға белсене кірісуі 40 жасынан. А.Құнанбаев келешек білімде, оқуда деп ұғынған ақындардың бірі. Жастарды оқытуға бар күш - жігерін салған болатын. Абай шығармаларында ғылым, білім тақырыбы кеңінен қозғалады. Ғылым, білім туралы көзқарасынан туған өлеңдері: «Жасымда ғылым бар деп ескермедім», «Интернатта оқып жүр», «Ғылым таппай мақтанба». (*Осы өлеңдерінен үзінді жатқа оқу.*)

202 топ: Абай – озық мәдениетті насихаттаумен қатар, әлеуметтік-азаматтық санасы өскен, халықтың үлкен қайраткері. Ол халық туралы ойлаған, болашаққа сенген. Халық, замана, адам көзқарасынан туған: «Сабырсыз, арсыз, еріншек», «Адасқанның алды жөн, арты соқпақ», «Өлсем орным қара жер», «Өлсе өлер табиғат, адам өлмес». Тағы да, махаббат, достық лирикасынан туған:

«Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат», «Есінде бар ма жас күнің», «Ұяламын дегені көңіл үшін» (*үзінді жатқа оқу*).

202 топ: Абай – ұлы суреткер. Соның дәлелі жылдың төрт мезгіліне арналған өлеңдері. «Қыс», «Жаз», «Күз», «Көктем». (*үзінді жатқа оқу*).

Кітапханашы: Ақын кімдердің шығармаларын қазақ тіліне аударған?

202 топ: Ақынның әдеби мұрасы ішінде аударма үлгілерінің де өзіндік орны мен салмағы бар. Сан тілмен келтірсек: аудармаға арналған өмірінің 15 жылында Абай үлкен-кішілі 50-ден астам шығарманы орыс тілінен қазақшаға аударыпты. Абай-данышпан ақын. Абай орыс классиктерінің өлеңдерін қазақ тіліне аударып, халқының игілігіне айналдырды. Абай–ұлттық әдебиетте, оның ішінде қазақ поэзиясында көркем аударманы тұңғыш енгізген екеудің бірі. Ол А.С.Пушкиннің «Евгений Онегин» атты әйгілі шығармасынан 7 үзінді, М.Ю.Лермонтовтан 30-ға таяу өлең, И.А.Крыловтан 12 мысал және басқа да авторлардан 7 өлең шамасында аударған. Орыстың атақты жазушы, ақындарын аударуда Абай тек қана қазақ емес, бүкіл шығыс елінде елеулі орын алады. Шығыс елінде, 1889 жылға дейін Пушкиннің «Онегині» тек Азербайжанда ғана аударылған. Содан кейін аударған қазақ - Абай.

Кітапханашы: “Абай – қазақ халқының рухани көсемі” деп жазды Нұрсұлтан Назарбаев. Абай расында халқымыздың рухани көсемі. Абай қашанда қазақ халқының рухани ұлы көшінің басында. Абай сөзі, Абай әндері мәңгі жаңғыра, жанара бермек. Сүйегі Жидебайда жатқанымен, оның жырлары әсем Астана төрінде күн сайын айтылып, әндері күн сайын шырқала беретініне күмән жоқ.

Абайды құрметтеу – өзінді құрметтеу, Абайды қастерлеу – ұлтынды қастерлеу деген сөз. Мұның бәрі де Абайға емес, бүгінгі өзімізге, жалпы қазаққа, келешекке керек әңгіме. Ұлының ұлылығын әлемге танытайық! Бүгінгі дөңгелек үстелге ат салысқандарыңызға, Абай Құнанбайұлының өмірінен сыр шерткендеріңізге көп - көп рахмет! Енді Абай өмірі мен шығармашылығынан сыр шертер көрмемен танысайық.

Көрмемен таныстыру: «Қазақ елінің Ұлы ғұламасы» кітапханашы Назарларыңызға рахмет!

Шуршутбаева Лағыл Қалқатаевна
Кітапхана меңгерушісі
Геодезия және картография Жоғары колледжі
Семей қаласы, Шығыс Қазақстан облысы.





Абай-дана, Абай-дара»

Геодезия және картография жоғары колледжі коворкинг орталығында кітапханашылардың ұйымдастыруымен, Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерекесіне арналған «Абай-дана, Абай-дара» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Дөңгелек үстел қонағы ретінде, Қазақстан Республикасы Ұлттық Қауіпсіздік Комитеті Шекара қызметі «Солтүстік» Өңірлік Барқармасы 2098 әскери бөлімінің тәрбие және әлеуметтік құқықтық жұмыстар бөлімшесінің офицер капитаны Қабдош Марат Төлегенұлы, кіші сержант Маусумбаев Ғалым қатысты. Дөңгелек үстелдің мақсаты: саналы ұрпаққа Абай мұрасын насихаттау, саналы жастарды ұлтжандылыққа, табандылыққа, еңбекқорлыққа, Абай шығармашылығын танып өсуге тәрбиелеу. Дөңгелек үстелді Шуршутбаева Л., еліміздің Президенті Қ. Тоқаевтың сөзімен бастады: «Қазақ елі барда Абай есімі асқақтай береді. Оның асыл сөздерін рухани байлығымыз ретінде жоғары ұстасақ, туған еліміздің әлем алдындағы абыройы арта берері сөзсіз» деген. Ұлы Абайдың шығармашылығы бүгінгі заман талабына сай қайта түлеп, жыл өткен сайын жаңғырып ұрпақ тәрбиесінде өзіндік үлес қосып келеді. Ары қарай дөңгелек үстел 4 бағытта талқыланды: Абайдың өмірбаяны, балалық шағы, отбасы туралы; қара сөздері; поэзиясы; әндері. Дөңгелек үстел барысында студенттер өз ойларын ашық жеткізіп талқылады. Өмір тарихынан Мүфтахаров Т., Жумакунов Ұ. айтқан өмірбаянынан үлкен әсер алдық; поэзиясынан үзінді оқыған Шалабаев Е., Жұмабеков Ж. Абай өлеңдерін жүрекке жеткізе білді, Абайға дейін қазақ әдебиетінде болмаған үлгі-Абайдың 17-ші қара сөзін Әріпбай Б., 19-шы қара сөзін Манатов Б., адамзат баласы бойынан осындай жақсы қасиеттерді сіңіруді айқындап ашып айтты. Абай ағамыз негізі жан жақты адам болған. Әндеріне тоқталсақ, қазіргі таңда Абай әндерін орындамайтын қазақ жоқ шығар. «Айттым, сәлем, Қаламқас», «Желсіз түнде жарық ай», «Сегіз аяқ», «Көзімнің

қарасы» әндерінің шығу тарихына Казезова А, Советжанұлы А. тоқталса; Викентий А. мен Тоқтасын Ш. бастауымен «Көзімнің қарасы» әнін қатысушылар тамаша әсерлі орындады. Абайдың: «Артық ғылым кітапта» демекші, колледж студенттеріне арнайы «Қазақ елінің Ұлы ғұламасы» атты кітап көрмесі ұйымдастырылып,. білім нәрін беретін кітаптармен Қасымова С. таныстырып өтті. 2098 әскери бөлімінің тәрбие және әлеуметтік құқықтық жұмыстар бөлімшесінің офицер капитаны Қабдош Марат Төлегенұлы, жастарға Абайдың асыл мұрасын, қасиетті де теңдесі жоқ алтын қазынасына терең бойлап, оның ұлылығының тың қырларын ашып, жаңа сырларына қаныға түсіңдер деп алғысын білдірді. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Омарова М. Абай атамыздың торқалы тойының басталғанын мақтанышпен айта келе, осы шараға қатысқан студенттерге ықыласын білдірді. Дөңгелек үстел соңынан еліміздің Елбасы Н. Назарбаевтың «Абай – қазақ халқының рухани көсемі». Абай қашанда қазақ халқының рухани ұлы көшінің басында. Абайды құрметтеу – өзінді құрметтеу, Абайды қастерлеу – ұлтыңды қастерлеу деген сөздерімізбен дөңгелек үстелді аяқтадық.

**«ГЕОДЕЗИЯ ЖӘНЕ КАРТОГРАФИЯ ЖОҒАРЫ КОЛЛЕДЖІ» КМҚК
КГКП «ВЫСШИЙ КОЛЛЕДЖ ГЕОДЕЗИИ И КАРТОГРАФИИ»**

**КІТАПХАНА
БИБЛИОТЕКА**



**«АБАЙ-ДАНА, АБАЙ-ДАРА»
(ДӨНГЕЛЕК ҮСТЕЛ)**



**СЕМЕЙ
2020 ЖЫЛ.**